

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің музей ісі саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 756 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2019 жылғы 31 мамырда Ашхабадта жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің музей ісі саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелген халықаралық Келісімнің мәтіні ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық Келісімінің жасасқан тілдердегі ресми куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық Келісімдерін тіркеуге, есептеуге және сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер министрлігінен алуға болады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 1 қыркүйектегі
№ 756 қаулысымен
бекітілген

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің музей ісі саласындағы ынтымақтастығы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мәдениеттері арасындағы тарихи байланыстарға сүйене отырып,

музейді тарихи зердені, төзімділікті және мәдениетаралық диалогқа қабілеттілікті қалыптастырудың аса маңызды институты ретінде қарастыра отырып,

музей ісі саласындағы ынтымақтастықтың үздік дәстүрлерін сақтауда және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің арасында музей-көрмелік алмасуды кеңейтуге ортақ қызығушылық білдіре отырып,

1992 жылғы 15 мамырдағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің, 1995 жылғы 26 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мәдени ынтымақтастық жөніндегі кеңесін құру туралы келісімнің (2011 жылғы 18 қазандағы Хаттаманың редакциясында), 2005 жылғы 26 тамыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастығы туралы келісімнің, 2011 жылғы 19 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы тұжырымдамасының ережелерін негізге ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің арасында музей-көрмелік алмасуды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2-бап

Тараптар музей-көрмелік алмасу шеңберінде осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттен осы Келісімге қатысушы екінші мемлекетке жіберілетін музей заттарына қатысты сақталуын және уақтылы қайтарылуын, сондай-ақ соттық иммунитетті, талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шараларға қатысты иммунитетті және сот шешімдерін орындауға қатысты иммунитетті қамтамасыз етуге кепілдік береді.

3-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің тарихына, мәдениеті мен өнеріне арналған бірлескен көрме жобаларын дайындауды және іске асыруды, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы көтермелейді.

4-бап

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттер музейлерінің археология, реставрация, сараптау және атрибуция, табиғи мұраны зерделеу салаларында бірлескен ғылыми бағдарламаларды ұйымдастыруға және іске асыруға ықпал етеді.

5-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мәдени ынтымақтастық жөніндегі кеңесінің шеңберінде музей ісі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау бойынша жүйелі консультацияларды жүзеге асырады, музейлер арасында ғылыми ақпаратпен алмасуды ұйымдастырады, музейтану бойынша ақпараттық бюллетеньдер мен ғылыми жинақтарды дайындауға және шығаруға жәрдем көрсетеді.

6-бап

Тараптар музей ісі саласындағы өзекті проблемалар бойынша бірлескен ғылыми, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруды көтермелейді, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде өткізілетін ұқсас іс-шараларға мамандардың өзара қатысуына жәрдем көрсетеді.

7-бап

Тараптар музей қызметкерлерін, оның ішінде есепке алу-сақтау қызметі, экспозициялық-көрме қызметі, экскурсиялық, мәдени және ағартушылық қызмет, музей заттарын реставрациялау және консервациялау саласындағы мамандарды, қайта даярлауда және олардың біліктілігін арттыруда, сондай-ақ музейаралық тағылымдамаларды, музей қызметінің негізгі бағыттары бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыруда, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердегі жетекші музей орталықтарында қашықтан білім беруді ұйымдастыру үшін жағдайлар мен техникалық мүмкіндіктер жасауда ынтымақтастықты жүзеге асырады.

8-бап

Тараптар көрмелерді ұйымдастыруға, сондай-ақ музей заттарын сақтау, реставрациялау және консервациялау саласына заманауи технологияларды енгізу бойынша тәжірибе алмасады.

9-бап

Тараптар музейлердің инклюзивті музей жобалары мен бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асырады.

10-бап

Тараптар ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің "музей ісі" бағыты бойынша базалық ұйымының ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде музей ісін танымал етуге бағытталған интернет-ресурс құруын және дамытуын қолдайды.

11-бап

Тараптар музей заттарын ғылыми және мәдени қызметте пайдалану мақсатында олардың бейнелерінің цифрлық көшірмелерін дайындауда және алмасуда өзара жәрдем көрсетеді.

12-бап

Тараптар ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұлттық музейлерінің жинағынан мәдени мұраны насихаттауда күш-жігерін біріктіреді.

13-бап

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен немесе Тараптар келіскен басқа рәсім арқылы шешіледі.

14-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

15-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру жолымен ТМД-ға қатысушы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

17-бап

Тараптардың әрқайсысы шыққанға дейін кемінде алты ай қалғанда өзінің осындай ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

2019 жылғы 31 мамырда Ашхабад қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Армения Республикасының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін
Түрікменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін
Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін
Украина Үкіметі үшін
Молдова Республикасының Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ